

Келісілді: Ж.А. Саутбекова
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
әдіскері А.Т Атыгаева
«06» 09 2025 ж.

Бекітемін: Саутбекова
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
менгерушісі Ж.А Саутбекова
«06» 09 2025 ж.



2025-2026 оқу жылы

Сөйлеу тілі тежелген балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы
Бірінші жарты жылдық (қыркүйек-желтоқсан)

Түсінік хат

Түзете-дамыту бағдарламасы сөйлеу тілі тежелген (СТТ) балаларға арналған және қыркүйек–желтоқсан айларын қамтиды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту, қарапайым сөйлемдер құрастыруға үйрету, фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын қалыптастыру және қарапайым қарым-қатынасқа қатыстыру.

Міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: қарапайым нұсқауларды түсіну, жекеше және көпше түрді меңгеру, заттардың қарапайым белгілерін ажырата білу.
- Экспрессивті сөйлеу: екі-үш буынды сөздерді айту, сын есімдерді қолдану, қысқа сөйлемдер құрастыру, қарапайым сұрақтарға жауап беру.
- Байланыстырып сөйлеу: сурет бойынша сөйлем құрастыру, тұрмыстық әрекеттерді сөзбен атау, қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жаттау.
- Фонематикалық түсініктер: дыбыстарды естіп ажырату, жануарлар мен тұрмыстық дыбыстарды тану, қарапайым артикуляциялық жаттығулар орындау.
- Коммуникативтік дағдылар: сыпайылық формулаларын меңгеру («сәлем», «рахмет»), қарапайым диалог үлгілерін қолдану, эмоцияны мимикамен жеткізу.

Күтілетін нәтижелер: жекеше және көпше сөздерді қолданады, 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды, қарапайым нұсқауларды орындайды, дыбыстарды ажыратады, қысқа тақпақтарды айтады, қарапайым қарым-қатынасқа қатысады

Түзете-дамыту бағдарламасы
Сөйлеу тілінің тежелуі І-жарты жылдық

Бағдарламаны әзірлеу күні **15.09.2025ж**

Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Мұхтар Мансур**

Жасы. **3 жаста**


Мамандар (бейін) **Логопед**


Мерзімі	Даму жұмысының бағыты Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу	Ескертпе
Қыркүйек-желтоқсан	<p align="center">Импрессивті сөйлеуді дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолжетімді лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздікті жинақтау және қоршаған ортадағы адамдардың сөзін түсіну көлемін кеңейту; - заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру; - «ма, ме» демеулік шылауларын пайдаланып болымды және болымсыз етістік бұйрықтарын дифференциациялау; - «үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету; - зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырата алуды дамыту; - жай сөйлемдерді түсіне алуды дамыту: «бастауыш+баяндауыш», «бастауыш+толықтауыш+баяндауыш»; - жанама септіктер сұрақтарын түсінуді қалыптастыру; - заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін балаларға оқыту. 		
Қыркүйек-желтоқсан	<p align="center">Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - қысқа сөйлемдермен, сөз тіркестерімен, сөздермен ересектердің сөйлеуіне еліктеу қажеттілігін тудыру; - ашық буынды бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздерді айта алуды дамыту; - өзінің есімін, топтағы балалардың, туғандарының есімдерін, лексикалық тақырыптар бойынша заттарды атай алуды дамыту; - етістіктер сөздігін кеңейту; - заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін, көлемін, дәмін атай алуды дамыту; 		


	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту; - сұрақтар бойынша сөз тіркестерін құрастыра алуды қалыптастыру: «Қандай?»; - «үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету; - кішірейткіш-еркелету мәніндегі зат есімдерді құрастырып жасауға арналған жаттығу; зат есімдермен «менікі» есімдігін келістіруге арналған жаттығу; - суреттер бойынша сөз тіркестерін сын есім + зат есім; зат есім+етістік сызбалары бойынша құрастыруды үйрету; 		
Қыркүйек-желтоқсан	Жалпы сөйлеу біліктерін тәрбиелеу		
	<ul style="list-style-type: none"> - балаларға қарым-қатынас орнатушы сұрақтарды түсінуді үйрету; - қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын түсіне алуды дамыту: таңдану, тәнті болу, өкіну интонациясы, қарапайым эмоция, ым-ишара, қимылқозғалыс және мимика бар сұрақтар интонациясы; - қолмен еліктеу қимыл-қозғалыстарын орындай алуға үйрету; ымишарамен сәлемдесу немесе қоштасу; - интонация: ым-ишараға және мимикаға сәйкес, балаларға қолжетімді вербалды құралдарды белсендендіру. 		
Қыркүйек-желтоқсан	Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру		
	<ul style="list-style-type: none"> - дыбыстың орнын және оның бағытын анықтай алу білігін қалыптастыру; - дыбысталып жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту; - тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеуге оқыту. 		

Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері

Маман қорытындысы

Келісілді: 
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
әдіскері Г.Т Мамырова
«06» 01 2026 ж.

Бекітемін: 
№ 8 «Күншуақ» бөбекжай балабақша
меңгерушісі м.а Г.Т Мамырова
«06» 01 2026 ж



2025-2026 оқу жылы

Сөйлеу тілі тежелген балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы

Екінші жартыжылдық (қаңтар-мамыр)

Логопед: Курманбаева А.К

Түсінік хат

Түзете-дамыту бағдарламасы сөйлеу тілі тежелген (СТТ) балаларға арналған және қыркүйек–желтоқсан айларын қамтиды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту, қарапайым сөйлемдер құрастыруға үйрету, фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын қалыптастыру және қарапайым қарым-қатынасқа қатыстыру.

Міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: синонимдер мен антонимдерді меңгеру, кеңістік қатынастарды («үстінде», «астында», «жанында») дұрыс қолдану, септік формаларын тану.
- Экспрессивті сөйлеу: 3–4 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру, өткен шақ формаларын пайдалану, зат есім мен сын есімді сәйкестендіру, үстеулерді қолдану.
- Байланыстырып сөйлеу: суретке сүйене отырып шағын әңгіме құрастыру, сөйлемді жалғастыру, қысқа мәтінді мазмұндау, сұраққа толық жауап беру.
- Фонематикалық түсініктер: дыбыстарды салыстыру, жабық буынды сөздерді айту, екпінді дұрыс қою, фонематикалық талдау элементтерін орындау.
- Коммуникативтік дағдылар: сұрақ қою және оған жауап беру, алғыс білдіру, өтініш айту, диалог пен рөлдік ойындарға қатысу.

Күтілетін нәтижелер: 3–4 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды, синонимдер мен антонимдерді қолданады, септік формаларын меңгереді, қысқа мәтінді мазмұндайды, дыбыстарды анық айтады, сұрақ қояды және жауап береді, құрдастарымен қарапайым диалог жүргізе алады

Түзете-дамыту бағдарламасы
Сөйлеу тілінің тежелуі, II-жарты жылдық

Бағдарламаны әзірлеу күні 06.01.2026ж

Баланың тегі, аты, әкесінің аты **Мұхтар Мансур**

Жасы. **3 жаста**

Мамандар (бейін) **Логопед**

Мерзімі	Даму жұмысының бағыты Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу	Ескертпе
Қаңтар-мамыр	Импрессивті сөйлеуді дамыту		
	<ul style="list-style-type: none"> - лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздікті жинақтауды жүзеге асыру және қоршаған ортадағы адамдардың сөзін түсіну көлемін кеңейту; - заттарды белгілейтін сөздерді олардың күнделікті өмірдегі әрекетімен сәйкестендіре алуды бекіту; - «астында», «артында» үстеулерінің мәнін түсінуді қалыптастыру; - оқылған ертегінің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарды түсіне алуды балаларға оқыту; - өткен шақтағы етістіктердің түрін сөйлеуде ажырата алуға арналған жаттығу. 		
Қаңтар-мамыр	Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру		
	<ul style="list-style-type: none"> - «астында», «артында» үстеулерін қолдану ікеміне үйрету; - ересектердің қарапайым сұрақтарына балалардың қысқа сөз орамдарымен жауап беруі негізінде сөйлеудің диалогтық түрін дамыту; - сөйлеуге үстеулерді енгізу: «анда-мында»; - екі-үш сөзді сөйлемдерді қолдана алуды бекіту; 		

	<ul style="list-style-type: none"> - ересекпен басталған сөйлемдерді аяқтай алуға үйрету (көруге сүйену негізінде); - дыбыс еліктеуден тұратын, қарапайым өтірік өлеңдер мен тақпақтарды жаттау. 		
Қаңтар-мамыр	Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру		
	<ul style="list-style-type: none"> - заттардың дыбысталу ретін есте сақтай алуды қалыптастыру; - балалардың дауысын, жануарлардың дауысын ажырата алуды дамыту; - дыбысқа еліктеу тізбегін есте сақтай алуға оқыту. 		
Қаңтар-мамыр	Жалпы сөйлеу біліктерін тәрбиелеу		
	<ul style="list-style-type: none"> - сөйлеудің ритмикалық бейнесін, интонациясын сәйкесінше айтуға үйрету; - буындарда, сөздерде, сөз орамдарында ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру; - сәлемдесу және қоштасу кезінде әдептілік формаларын қолдану дағдысын дамыту; - суреттегі эмоциялық жағдайды және дене тұрысын, ым-ишара, мимика мағынасын анықтай алу икемін қалыптастыру; - қарым-қатынастың вербалды құралдарын белсендендіру. 		

Түзете-дамыту көмегінің нәтижелері

Маман қорытындысы